

## ДАЛАНЫҢ ДАРА ҰСТАЗЫ

**Сактаганова И. А.** – қазақ тілі мен әдебиеті оқытушысы, педагог-зерттеуші, «Рудный құрылыс және көлік колледжі» КМҚК, Рудный қаласы

*Бұл мақалада ұлт мақтанышы Ыбырай Алтынсариннің ұстаздық жолы туралы айтылған. Ы.Алтынсарин қазақ балаларын оқыту, қол өнер училищелерін ашуы туралы сөз етіледі. Сонымен қатар, сол оқу орындары үшін жазған оқу құралдары туралы айтылады. Тірек сөздер: бастауыш мектеп, оқулық, қолөнер мектебі, тәрбие*

«Халық мектептері үшін ең керектісі-оқытушы. Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы өкімет бұйрықтары да оқытушыға тең келе алмайды. Сондықтан да, мен жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бөрінен де қымбат көремін» Ы. Алтынсарин

XIX ғасырдың 60-шы жылдарында өмір кешкен қазақ халқының адал перзенті, ұлттың мақтанышы, қазақ педагогика ғылымының негізін салушы, сөз зергері, аудармашы, қоғам және мәдениет қайраткері Ыбырай Алтынсариннің есімі қоғамдық ой-пікірдің, төл мәдениетіміздің өркендеу тарихынан үлкен орын алады [1, 3 б.].

Туған халқына қалай пайдамды тигізсем деген зор ынтамен шабыттанған Ы.Алтынсарин өзінің қабілетін байқап, педагогикалық жұмыспен айналысуды армандайды. Қазақ халқын сауаттандырып, өркениетті ел қатарына қосуға күш салған ағартушы. Халқын мәдениеті жоғары елдер санатына қосуды армандап, елдің тұрмысын, мәдениеті мен білімін көтеруді мақсат еткен ұлт зиялысы Қараңғылық пен надандық шырмауынан құтыла алмай отырған халқына ең алдымен білім мен мәдениет керек екендігін анық ұқты. Оның қазақ балаларын оқытуға деген ынтасы, олардың өз халқына пайдасы тиіп, жетістікке жетулері екінші жақтан қарсылық тудырды. Ал, Алтынсарин қараңғылық құрсауында қазақ жеріне білім нұрын шашу жолында небір қиыншылықтан тайсалмай, аянбастан еңбек еткен, тіпті денсаулығын құрбан еткен ұлы тәлімгер-бүкіл еліміздің бетке ұстар мақтанышы, қазақ халқының мәдени өміріндегі өшпес шамшырақ, алғашқы ұстаз.

Ағартушы: «Халық үшін қызмет ететін білімді адамдардың қатарын көбейту арқылы қазақ қоғамының мешеулігін жоюға болады, сондықтан жастарды оқытып-тәрбиелеу ісінен артық ешнәрсе жоқ», – деп ой түйеді [2, 23 б.].

Халықты және олардың жас өрендерін оқуға, өнер-білімге шақыруда Ыбырайдың ұран салып, ту етіп көтерген, әрқашан жаңарып, түрленіп, құлпырып, оқыған сайын сүйсіндіріп отыратын, ескірмейтін еңбегі «Кел, балалар, оқылық», «Өнер-білім бар жұрттар», «Әй, достарым», «Әй, жігіттер» деген өлеңдері.

Оның «Білім гауһар, бағасы жоқ, Надандық кесел дауасы жоқ» деген нақылға айналған сөзі қазақтың көзін ашу үшін айтылған секілді.

1860 жылы Жайықтың шығысындағы қазақтар үшін төрт бастауыш мектеп ашылған кезде, Ыбырай өзі сұранып, Торғай мектебіне мұғалім болуға рұқсат алып, сонда келеді. Бірақ мектеп бірден ашыла қоймайды. Бұл аралықта, Ыбырай ел ішінде мектептің пайдасын түсіндіріп, біраз баланы өз үйінде оқытады. Торғай мектебі 1864 жылы ғана ашылады. Ыбырайға мектеп ашу ісі аса ауыр соқты, сәтсіздіктері мен өкініштері де болды.

«Осы жылы қаңтардың 8 - і күні көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды. Оған 14 қазақ баласы кірді. Бәрі де жақсы, есті балалар. Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай қызу кірістім», десе бір хатында, ал тағы бір хатында «Қазақтар мені құшағын жая қарсы алды. Мектепке балаларын беруге ынталы адамдар толып жатыр», - деп жазады хатында Ыбырай Н.И.Ильминскийге.

Қалың қазақтан жиылған тұңғыш 14 баланың есімдері ерекше тарихта қалды.

1. Бірімжанов Қорғанбек
2. Бірімжанов Ғабдыбек
3. Бакеев Күнжүр – Құлжан
4. Абдулфейзов Нұрғали
5. Токин Нұрмұхаммед
6. Ташиев Бейқабыл
7. Серкебаев Исмағұл
8. Тұнтаков Ержан
9. Салқынбаев Баймұхамбет
10. Жанқожин Жармұханбет
11. Бектемісов Омар
12. Тәшенов Ибрагим
13. Сүйінов Қылышбай
14. Өтетілеуов Хайролла

Және осы балалар үшін мектеп жанынан интернат ашылды.

Ыбырай мектептегі сабақ пен тәрбие жұмысын сол кездегі орыс мектептері үлгісінде құрады. Сабақты қазақ тілінде жүргізе отырып, ол балаларға орыс тілін үйретуге, пән негіздерінен білім беруге тырысады.

Сол кезеңдегі қазақ балаларына арналған мектептегі бағдарламасы мына төмендегідей болды:

Орыс кітаптарын аударып түсіндіре отырып оқу, түрлі заттардың орысша атауларын үйрену, орысша әңгімелеу, жеке тіркестер мен грамматикалық формаларды құрастыру, қиюластыру, көркем жазу, Арифметика: қосу, алу, көбейту, бөлу, жер шары, әлем бөліктері, Европаның басты қалалары мен мемлекеттері жөнінде мағлұматтар, татар тілі (оқу, жазу).

Оқыту қазақ тілінде жүргізілді. Көріп отырғанымыздай бағдарламада орыс және татар тілі басты назарда болды. Бұл Ы.Алтынсарыұлының алғашқы жасаған оқу бағдарламасы еді. Ол алғашқыда Ильминскийлер қалыптастырған үрдісті сақтап, білімді орыс тілінде берді. Алайда, Ыбырайдың кейінгі оқулықтары мен еңбектерінен оның бұл бағдарламалық оқу жүйесінен бас тартқандығы байқалады.

Оқулық жасау жолында оқулыққа Ыбырай мектепте қазақ балаларына білім мен тәрбие берудің басты құралы деп қарайды. Ол балаларға ана тілін таза және ұқыптылықпен үйретеді, шағын көркем шығармалар арқылы оларды жақсы мінез-құлыққа баулуды көздейді. Ыбырай балаларды мазмұны олардың білімін көтеретін, тақырыбы оларды қызықтыратын кітаптарды... қазақтың өз тілінде... басып шығару керек деп білді.

Ы.Алтынсарин сонау 1879 жылы жарияланған «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулығында орысшадан қазақшаға аударудың алғаш рет жазба үлгісін жасаған. Ыбырайдың «Қазақ хрестоматиясына» енген 7 әңгімесі орыстың көрнекті ағартушы-жазушылары Л.Н.Толстойдан, И.А.Крыловтан, К.Д.Ушинскийден, И.Паульсоннан аударылып берілген, мәдениеті дамыған елдердің тыныс-тіршілігінен мағлұмат береді. Ыбырай жасаған оқулық ең алдымен орыстың, қала берді, еуропа оқымыстыларының педагогикалық көзқарастары мен оқыту, тәрбиелеу әдіс-тәсілдеріне негізделіп жасалды. Бірақ ұстаз оларды талғам-талдаусыз, сол күйінше ала салған жоқ. Керісінше, оған енетін материалдарды қазақ балаларының таным-түсінігіне сәйкестендірді. Ыбырай қазақ балаларының менталдық бейнесін жасаған жазушы, көркем сөз шебері. Оның дидактикалық әңгімелері қазақ баласының жан сарайын, кәсіби ойлау қабілетін ұлттық рухта сипаттайды. Ыбырай мәдениет пен білім жолына халқының өте ынталы екенін жақсы ұғады. Бұл оны одан сайын жігерлендіре түседі [3, 720 б.].

Орыс-қазақ мектептерін ашты, олардың бәрінде де кітапханалар ұйымдастыруға зор мән берді.

Оқумен қатар тәрбие жұмысы бір деңгейде жүргізілді. Тәрбие жұмысын адамгершілігі мол, жаңа ұрпақ тәрбиелеп шығаруға бейімдейді. Жастарды еңбексүйгіштікке, ізгілікке, тапқырлық пен әрекетшілдікке, ізденімпаздыққа тәрбиелейді. Ыбырайша тәрбие мынадай өте қарапайым формулада көрінеді: «Кейін парақор боп шықпаулары үшін оларға адамгершілік жағынан әсер етуге бар күшімді салып келемін» дейді.

Оқу – тәрбие ісін жаңа бағытта ұйымдастырды. Бұл ретте ол мұғалімнің атқаратын рөлін жоғары бағалады.

Ал, шәкірттеріне білім мен тәрбие беруде бір негізгі міндетті қатаң тұтынды. Ол жастардың мектептен шын мәніндегі адам боп, тәрбие алып шығуы.

1879-1883 жылдар аралығында Торғай облысының төрт уезінде (Торғай, Ырғыз, Троицк, Ақтөбе) жаңа мектептер ашады.

1882 жыл Ыбырайдың ағартушылық қызметіне жаңа міндеттер мен жұмыстар әкелді. Қаңтар айында ол жергілікті жердің жағдайларын жан-жақты ескере отырып, бірсыпырыа болыстардың қатысуымен алдағы уақытта ашылмақ қолөнер мектебінің жобасын жасады.

Жалпы қолөнер мектебі туралы мәселенің осы тұста көтерілуі өмірдің өзгерту, ілгерлеу талабынан, тікелей мұқтаждықтан туған еді. Отырықшылық өмір салтына енді ғана бет бұрып, жер кәсібімен жаңа айналыса бастаған халық үшін қолөнер саласының қандайы да ауадай еді. Ыбырай осы мұқтаждыққа жауап берудің шешуші тетігі, құралы қолөнер мектебі деп есептеді [4, 228 б.].

Ауыл – ауылды аралап, халыққа білімнің маңызы мен мақсатын түсіндірді. Алтынсариннің талабы мен мақсатын халық қолдады. Қазақ даласындағы техникалық білім беретін тұңғыш оқу орны болды. 1883 жылы Торғай қаласында қолөнер мектебі ашылды. Бұл Алтынсариннің өміріндегі өте бір қуанышты кезең болды. Мектепке алғаш 7 қазақ баласы қабылданып, мұғалімдік қызметке Симбирскінің техникалық училищесін бітіріп шыққан Чарковский тағайындалады. Балаларды тігіншілік өнеріне үйрету үшін кейінірек жергілікті татар тігіншісі алынды.

Мектептің ашылу құрметіне жиналған халыққа арнап Ыбырай сөз сөйлейді. Мұнда ағартушы тек қолөнер училищесі емес, бүкіл ағарту жүйесінің алдында тұрған қоғамдық, әлеуметтік міндеттерді ашып түсіндіру мақсатына тоқталады: «Бізді жұрт табиғатынан ақылды, іскер халық дейді, соның растығын біз іс жүзінде дәлелдеуіміз керек.

Табиғи ақыл айналаңда көрініп тұрған нәрсені ұстап-тұтуға көмектессе, тек ғылым ғана сол ақылды дамытып, көрінбей тұрған нәрсенің өзін танып білуге мүмкіндік береді... балаларымыздың

оқып, білім алуы үшін қолымыздан келген қаражат жәрдемін көрсетіп, алдымен біз, сол балалардың әкелері, өздеріміз қамқор болуға тиіспіз. Бүгінде мың шақырым жерлерге адам мен жүкті атсыз, арбасыз жеткізетін бу машинасы мен бірнеше мың шақырым жерлерден не бәрі бір сағат ішінде суыт хабар ала алатын телеграфты табуға ғылым-білім арқылы жетіп отырған орыс халқы және сол сияқты басқа халықтар осылай жасайды...

Торғай үйезінің халқының тарихында бүгінгі күн-тамаша күн, өйткені бұл күні қазақ халқының кәсіптік оқу саласындағы алғашқы кішкентай мекеме өмірге келіп, өз жұмысын бастағалы отыр...», – дейді Ыбырай [5, 259 б.].

Ыбырай қазақ қыздарын оқыту ісіне де ерекше көңіл бөледі. Бұған ескішіл әдет – салттарға қарсы күрестің бір жолы есебінде қарайды. Оларды мәдениетке және қоғамдық өмірге тікелей тарту мәселесіне де феодалдық ескі әдет-салттарды батыл ығыстырып, жаңа істер істеген тамаша жаңашыл адам болды [6, 12 б.].

Қазақстан жерінде әйелдерді оқыту ісінің басталуы да Алтынсариннің есімімен байланысты. Бұл маңызды бастаманы іске асыру кезінде де ол патша өкіметі тарапынан жасалған кедергілерге тап болды.

Ыбырай Алтынсариннің өтінішімен Ырғыз қаласындағы оқу орындарында Тимофеев, Григорьев, Спиридонов, Сахарова, Царегородцев, Васильева сынды білімді, тәжірибелі мұғалімдер еңбек еткен. Ыбырай Алтынсарин ұсынысымен қыздар мектебі 1891 жылы – Торғайда, 1896 жылы – Ақтөбеде ашылды. Сөйтіп, Ырғыз өңірі ілім-білім мен өркениет игіліктеріне өзгелерден ертерек қол жеткізді. Ырғызда қазақ қыздарына арналған интернаты бар арнайы мектеп ашылғанда оның қуанышында шек болған жоқ.

1887 жылы Ырғызда қыздар мектебін ұйымдастыруы – оның ағартушылық аса зор еңбегі. Қазақ даласында мектептер санының артуына байланысты Ыбырай мұғалімдер даярлайтын мектеп ашуды қолға алды. 1881 жылы Омбы қаласында тұңғыш мұғалімдер мектебі ашылды. Ыбырай мектептер ашу ісімен ғана шектеліп қалмады. Ол сол мектептердегі тәлім-тәрбие, оқу жұмысына айрықша мән берді.

Ыбырай ол мектептерді Ресей кәсіптік – техникалық мектептерінің үлгілері бойынша жаңа, техникалық кәсіптермен толықтырып, дамыта түсті. Оларды бүгінгі еуразиялық үлгідегі кәсіптік мектептер деп атауға да болар еді [7, 13 б.].

Енді, Ыбырай сол мектептер үшін мұғалімдер керек екенін жақсы ұқты және 1888 жылы 10 сәуірде Орскіде мұғалімдер даярлайтын мектеп ашылды. Оған Торғай, Ырғыз қаласындағы орыс-қазақ училищелерін жақсы бітірген жастар алынды. Алтынсарин қазақ жастары арасынан экономика саласына қажетті мамандар әзірлеу ісіне ерекше мән беріп, қолөнер, ауылшаруашылық училищелерін ашуға көп күш жұмсады. Тіпті, Қостанайда ашылғалы отырған ауылшаруашылық училищесіне өзінің иелегіндегі жерін беретінін туралы да өсиет қалдырды.

Ұлы ағартушы туралы Нұржан ақын:

Құр жерге кеме, су астына от жақтырған,

Қараңғыда адасқанға жол таптырған.

Талып, шаршап жүргеннің нешеулерін

Ойдан алып, берекке ылақтырған, – деп жоғары бағалайды [8, 101 б.].

Елді қараңғылықтан жарыққа шығаратын жастар, тек ғана жастар деген қорытындыға келді. Әсіресе, оның келешекке сенімі мол болды. Аңсаған арманын өзі орындай алмаса, болашақ жастар орындайды деп білді.

«Біз болмасақ сіз барсыз,

Үміт еткен достарым,

Сендерге бердім батамды!», – деп, ол өз халқының келешек ұрпақтарына сеніп кеткен еді. Міне, сол ұрпақ Ыбырай арманының жүзеге асқанын бұл күнде айқын көріп отыр. Қазір қаншама ұстаздар отырып, Ы.Алтынсариннің өмір жолы мен педагогикалық ұстанымдарына тағы да оралып отырмыз, орала береміз!

Туған халқының талантты перзенті ұлтының рухани мақтанышы, тұңғыш ағартушы-педагог Ы.Алтынсарин қазақ халқының мәдениеті мен тарихының алтын қорына үлес қосудан қатар өзінен кейінгі ұрпаққа сарқылмас бай мұра қалдырды [9, 240 б.].

Қазіргі мектеп мұғаліміне қойылатын негізгі талаптар – ұстаздардың ұстазы Ыбырай Алтынсариннің педагогтық мұрасының жалғасы іспеттес. Оның ұлылығы: ағартушылық қызметінің жан-жақтылығында, кең ауқымдылығында, туған халқына сіңірген еңбегінің өміршеңдігінде.

Егер балалар бірдеңені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиіс емес, оларға түсіндіре алмаған өзін кінәлауға тиіс. Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық етуі керек, әрбір нәрсені де ықыласпен түсінікті етіп түсіндіруі керек, орынсыз терминдерді қолданбауы керек, мұндай сөздер оқушыларға түсініксіз болады да, жалықтырып жібереді...

*Ы.Алтынсарин*

## Әдебиеттер тізімі

1. «Алтынсариннің ағартушылық идеялары»: «Қостанай таңы» 12 қазан 1994 ж.
2. «Жас Өркен» Қостанай №4, шілде –тамыз, 2016. [23б.]
3. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. том 1 / Бас. ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының" Бас редакциясы, 1998. – 720 бет.
4. «Торғай уездік алғашқы оқу инспекторлары» «Қостанай таңы» 7 қазан 2011 ж.
5. Ә.Дербісәлин «Ы.Алтынсарин» Алматы, «Дәуір-Кітап» баспасы, 2015ж. I том.
6. Қазақ әдебиетінің тарихы V том, Алматы 2006. ҚАЗАқпарат баспасы.
7. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы Алматы, 1998 жыл. I том.
8. М.Мырзахметов «Ы. Алтынсарин тағылымы» Алматы, 1991 ж.
9. Ы.Алтынсарин Екі томдық шығармалар жинағы I том, «Қазығұрт» баспасы 2003, 240б.

УДК 37:94(574)

## ИБРАЙ АЛТЫНСАРИН И ЕГО ПРОСВЕТИТЕЛЬСКОЕ НАСЛЕДИЕ

*Сафронова А. Н – обучающаяся бакалавриата по специальности 6В07201 – Технология продовольственных продуктов, Костанайский региональный университет им.А.Байтурсынова.*

*Стеценко О. С. – обучающаяся бакалавриата по специальности 6В07201 – Технология продовольственных продуктов, Костанайский региональный университет им. А. Байтурсынова.*

*Кобжасаров Т. Ж – ст. преподаватель кафедры технологии переработки и стандартизации, Костанайский региональный университет им. А. Байтурсынова.*

*В статье раскрывается жизнь казахского просветителя Ибрая Алтынсарина. Вид его деятельности и творчества. Его вклад в культуру, образование, науку и литературу Казахстана. Историческая ценность публицистического наследия Ибрая Алтынсарина. Также его влияние на духовную жизнь казахского народа.*

*Ключевые слова: фольклорист, прозаик, этнограф, наследие, просветительство.*

Выдающимися по праву просветителями казахского народа являются Абай Кунанбаев, Шокан Валиханов, Ибрай Алтынсарин...

Один из известных казахских просветителей Ибрай Алтынсарин широко известен в истории культуры и литературы казахского народа как выдающийся педагог-новатор и организатор новых школ, этнограф, фольклорист, поэт, прозаик и переводчик произведений русских классиков, таких как Крылов И. А. «Басни», Кирпичников «Грамматика», Ушинский Д. К. «Детский мир», Толстой Л. Н. «Азбука и книга для чтения», Лубенец «Арифметика», Евтушевский «Арифметика», Пуцыкевич «География», Острогорский «Краткая русская история», Беллярминов «Всеобщая история», Фармаковский «Русская история», Гуревич «Историческая хрестоматия», Сент-Илер «Зоология», Герд «Краткий курс минералогии», Оливер «Ботаника», Учебный атлас естественной истории, Элементарная физика, Зотов «Беседы о природе», Константинович «Химические беседы», Фигье «Важнейшие открытия и изобретения» в частности, басен Крылова [1].

Ибрай Алтынсарин родился 20 октября (1 ноября) 1841 года в Аракарагайской волости Николаевского уезда (ныне Алтынсаринский район Костанайской области). Отец его Алтынсары Балгожин умер, когда Ибраю было три года. Мальчик воспитывался в доме своего деда, известного бия Балгожи Жанбурчина. Балгожа был в то время одним из самых авторитетных биев во всей Средней Орде и пользовался большим влиянием среди господствующей верхушки казахского общества.

В 1850 году, когда Ибраю исполнилось 9 лет, в Оренбурге – административном центре Тургайской области, открылась первая особая школа для казахских детей, куда Балгожа отдал своего внука. Ибраю уже с первых дней школьной жизни стал выделяться среди сверстников, он был не такой как все дети, он вел себя более внимательно и старался вникать в каждый предмет. Преподаватели сразу обратили внимание на одаренного мальчика, который старательно воспринимал все, что они объясняли. Ибрай быстро и хорошо овладел русским языком, изучению которого обращалось особое внимание.

Высокая тяга Ибрая к знанию и культуре была отчетливо выражена его желанием к владению языками. Среди казахского народа также проявлялась эта тяга к изучению и стремлению познавать новое. В приобщении казахов к передовой культуре они видели единственно верный выход из средневековой темноты, в котором находилось общество. Крупный казахский просветитель Ибрай Алтынсарин широко известен в истории общественной мысли, культуры и литературы казахского народа, как выдающийся педагог-новатор и организатор новых школ, этнограф, фольклорист, поэт,